

**«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ
жалғыз акционерінің 2008 жылғы
«14» наурыздағы шешімімен
БЕКІТІЛГЕН
(№ 15 хаттама)**

**« Қ а з а қ с т а н н ы ң Д а м у Б а н к і » А Қ
К о р п о р а т и в т і к б а с қ а р у
К О Д Е К С І**

Астана

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
1-тарау. Корпоративтік басқару қағидаттары.....	4
2-тарау. Жалғыз акционер	11
3-тарау. Директорлар кеңесі.....	12
4-тарау. Атқарушы орган	16
5-тарау. Корпоративтік хатшы/Хатшылық.....	17
6-тарау. Елеулі корпоративтік оқиғалар.....	17
7- тарау. Ақпаратты ашу.....	18
8- тарау. Банктің қызметін бақылау.....	19
9- тарау. Банктің клиенттерімен өзара қарым-қатынастар.....	22
10- тарау. Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-әрекет жасау.....	22
11-тарау. Корпоративтік шиеленістер.. ..	23
12-тарау. Қорытынды.....	25

КІРІСПЕ

Осы Корпоративтік басқару кодексі (бұдан әрі - Кодекс) «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Банк) ішінде және басқа нарық қатысушыларымен қарым-қатынастарда іс этикасының жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін өз қызметінің процесінде Банк ұстанатын ережелер мен ұстанымдардың жиынтығы болып табылады.

Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған өзінің ерекше мәртебесін түсіне отырып және өз мақсаттарын: мемлекеттік инвестициялық қызметтің тиімділігін жетілдіру және арттыру, өндірістік инфрақұрылым мен өндеуші өнеркәсіпті дамыту, ел экономикасына сыртқы және ішкі инвестицияларды тартуға жәрдемдесуді сезіне отырып осы Кодекстің ережелерін қабылдайды және ұстанады.

Осы Кодексті қолданысқа енгізу мақсаты заңнама талаптарының сөзсіз сақталуына ғана емес, іс қоғамдастығының барлық қатысушылары үшін жалпы іскерлік мінез-құлқының этикалық нормаларын қолдануға негізделген халықаралық танылған стандарттарға жауап беретін корпоративтік мінез-құлықтың нормалары мен дәстүрлерін қалыптастырудан және Банк қызметінің күнделікті практикасына енгізуден тұрады.

Осы құжаттардың нормаларын ұстану Банктің жалғыз акционерінің, клиенттері мен қызметкерлерінің алдында оның оң мәртебесін қалыптастыруға ғана емес, тәуекелдерді бақылау мен азайтуға, Банктің қаржылық көрсеткіштерінің тұрақты өсуін қолдауға және оның жарғылық қызметінің табысты жүзеге асырылуына бағытталған.

Кодекс корпоративтік басқару саласындағы бар халықаралық тәжірибені ескере отырып жасалды және «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының, «Қазақстанның Даму Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) және Банктің Жарғысы негізінде әзірленді.

Корпоративтік басқару деп Банктің жалғыз акционері, Директорлар кеңесі жүзеге асыратын және олардың Банктің атқарушы органымен және өзге мүдделі адамдармен (қызметкерлермен, клиенттермен, әріптестермен, контрагенттермен, банктік реттеу және қадағалау органдарымен, мемлекеттік билік және басқару органдарымен) мынадай:

- Банк қызметінің стратегиялық мақсаттарын және тиімді басқару жүйесін анықтау;

- Банктің басқару органдарының және оның қызметкерлерінің Банк қызметінің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті барлық іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз ететін еңбек қызметінің ынтасын құру;

- Банктің жалғыз акционерінің, Директорлар кеңесі мүшелерінің және атқарушы органдарының және өзге мүдделі тұлғалардың мүдделері теңгеріміне қол жеткізу;

- Қазақстан Республикасы заңнамасының, Банк Жарғысының, Іс этикасы кодексінің және Банктің өзге ішкі құжаттарының сақталуын қамтамасыз ету

бөлігінде қарым-қатынастарының кешенін қамтитын Банктің қызметіне жалпы басшылық ету түсіндіріледі.

Кодекстің маңызды рөлін мойындай отырып, барлық басқару органдары және Банктің қызметкерлері Банктің және жалғыз акционердің алдында өз міндеттемелерін орындау кезінде оның ережелерін басшылыққа алуы тиіс. Корпоративтік басқаруды қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыру процесінде корпоративтік мінез-құлық оның қатысушыларының құқықтары мен заңды мүдделерін құрметтеуге негізделуі және Банктің тиімді қызметіне ықпал етуге және оның қаржылық тұрақтылығы мен пайдалығына ықпал етуі тиіс.

Корпоративтік басқару және компанияны бақылау жүйесін құратын органдар мыналар болып табылады:

- жалғыз акционер;
- Директорлар кеңесі;
- Атқарушы орган – Президент;
- Ішкі аудит қызметі.

Банк қызметіне байланысты анағұрлым маңызды шешімдерді Банктің Жарғысында және Директорлар кеңесі анықтаған өз құзыретінің шегінде жалғыз акционер қабылдайды. Банктің ағымдағы қызметін басқаруға байланысты шешімдерді Банктің Президенті қабылдайды.

1-тарау. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚАҒИДАТТАРЫ

Корпоративтік басқару қағидаттары – корпоративтік басқару жүйесін қалыптастыру, оның жұмыс істеуі және жетілдіру негізінде жататын шығыс бастауы.

Банкте корпоративтік басқару әділдік, адалдық, жауапкершілік, есеп беру, айқындылық, кәсібилік пен құзыреттілік негіздеріне құрылады. Корпоративтік басқарудың тиімді құрылымы Банк қызметіне барлық мүдделілердің құқықтары мен мүдделерін құрметтеуді ұйғарады және Банктің, оның ішінде қаржылық тұрақтылық пен шығынсыздықты қолдау жөніндегі табысты қызметіне ықпал етеді.

Банк жалғыз акционердің құқықтарын сақтаудың сөзсіз басымдығымен қатар Банктің клиенттері мен инвесторларының құқықтарын сақтауды одан кем санамайды.

Осы тарауда айтылған корпоративтік басқару қағидаттары Банкті басқаруға байланысты туындайтын қарым-қатынастарда сенім туғызуға бағытталған және Кодекстің кейінгі тарауларында қамтылатын барлық ережелер мен ұсынымдар үшін негіз болып табылады.

Корпоративтік басқарудың негізін қалайтын қағидаттар мыналар болып табылады:

- жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау принципі;
- Банктің Директорлар кеңесін және атқарушы органды тиімді басқару қағидаты;

- Банктің қаржы-шаруашылық қызметін тиімді бақылау қағидаты;
- Банктің қызметі туралы ақпаратты ашу айқындылығы мен объективтілігі қағидаттары;
- заңдылық және этика қағидаттары;
- әлеуметтік жауапкершілік қағидаты және мүдделі тұлғалармен әріптестік қарым-қатынастарын дамыту;
- корпоративтік шиеленістерді реттеу саясаты.

Корпоративтік басқару қағидаттарын ұстану Банк қызметін объективті талдауды жүргізу және талдамашылардан, қаржы консультанттарынан, рейтингтік агенттіктерден тиісті ұсынымдар алу үшін тиімді көзқарасты жасауға жәрдемдесуі тиіс.

Банктің Директорлар кеңесі, атқарушы органы этикалық нормалар мен кәсіптік қызмет стандарттарының қатаң сақталуын, корпоративтік мәдениетті құруды қамтамасыз етуі тиіс. Банктің барлық қызметкерлері корпоративтік басқару процесінде өзінің рөлін тануы, түсінуі және осы процеске толыққанды қатысуы тиіс.

1. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУ ПРИНЦИПІ

Банкте корпоративтік басқару Банктің жалғыз акционерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және құрметтеу қағидатына негізделген және Банктің тиімді қызметіне, оның ішінде Банк активтерінің өсуіне және Банктің қаржы тұрақтылығы мен табыстылығын қолдауға ықпал етеді.

«Қазына» орнықты даму қоры» акционерлік қоғамы Банктің жалғыз акционері болып табылады. Банктің жалғыз акционерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің жарғысында көзделген барлық құқықтары бар.

Барлық дауыс беретін акциялары жалғыз акционерге тиесілі Банкте жалпы жиналыстар өткізілмейді. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңымен және Банктің Жарғысымен акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді жалғыз акционер өзі дербес қабылдайды және кез келген уақытта жазбаша түрде ресімдеуге жатады.

Корпоративтік басқару Банктің жалғыз акционеріне Банкті басқаруда қатысуға байланысты өз құқықтарын жүзеге асырудың нақты мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Банк жалғыз акционердің негізгі құқықтарын іске асыруды қамтамасыз етеді:

- 1) оған тиесілі акцияларға иелік ету, пайдалану құқығы;
- 2) Банкке оның қызметі туралы жазбаша сауалдармен өтініш беру және Банктің Жарғысында белгіленген мерзімде дәлелді жауаптар алу құқығы;
- 3) Банктің органдарын құруға және/немесе сайлауға қатысу құқығы;
- 4) Банктің қызметі туралы ақпарат алу құқығы, оның ішінде Банктің Жарғысында анықталған тәртіппен Банктің қаржылық есептілігімен танысу;

5) тіркеушіден оның банк акцияларына меншік құқығын растайтын үзінділер алу құқығы;

6) сот тәртібімен Банк органдары қабылдаған шешімдерді даулау құқығы;

7) Банкті тарату кезінде мүліктің бір бөлігіне құқық;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Банктің акцияларын және оның акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқығы және т.б.

Банк Заңның нормаларын ескере отырып Директорлар кеңесінің мүшелерін тағайындау және сайлау сияқты корпоративтік басқарудың негізгі шешімдерін қабылдауда жалғыз акционердің тиімді қатысуын қамтамасыз етеді.

Жалғыз акционердің Банкті басқаруға құқығын іске асыру үшін банк мыналарды қамтамасыз етеді:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Банктің Жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес жалғыз акционер үшін материалдар даярлау;

2) жалғыз акционерден Банк қызметінің мәселелері бойынша Банкке түскен ұсыныстарды қабылдау және орындау;

3) жалғыз акционердің ұсыныстарын оның құзыреті шегінде Банктің Директорлар кеңесінің қарауына шығару;

4) қажет болған кезде Банктің жалғыз акционері өткізетін отырыстарға Директорлар кеңесінің мүшелерін, Президентті, аудиторларды, Банктің қызметкерлерін және өзге тұлғаларды шақыру.

Банк өзінің жалғыз акционерінің назарына Банктің Жарғысында көзделген тәртіппен Банктің жалғыз акционерінің мүдделерін қозғайтын Банктің қызметі туралы ақпаратты жеткізуге міндетті.

Банк жалғыз акционерді оның қаржы-шаруашылық қызметі және оның нәтижелері туралы дұрыс ақпаратпен қамтамасыз етеді. Әсіресе бұл жалғыз акционер үшін барынша негізді және айқын болуы тиіс жарғылық капитал саласындағы мәмілелерге қатысты.

Банк акцияларын ұстаушылардың тізілімдері жүйесін жүргізуді Банктің тіркеушісі ғана жүзеге асыра алады., ол Банктің және оның аффилирленген тұлғаларының аффилирленген тұлғасы болмауы тиіс. Банк тіркеушісінің таңдауы жақсы іскерлік атағы және қызметкерлердің жоғары білікті штаты болуы тиіс.

Банк туралы толық және дұрыс ақпарат алуға құқық:

1) жалғыз акционердің қарауына шығарылатын әрбір мәселе бойынша толық ақпаратты жалғыз акционерге беру;

2) жалғыз акционерге берілетін жылдық есепке Банктің бір жылдағы қызметінің қорытындысын бағалауға мүмкіндік беретін қажетті ақпаратты енгізу;

3) Корпоративтік хатшы лауазымын енгізу/Корпоративтік хатшылықты құру жолымен іске асырылады.

Банк жалғыз акционерден Банкте қатысуға байланысты құқықтарды іске асыруға қатысты ақпараттың қарсы ашылуын күтеді.

2. БАНКТИҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІН ЖӘНЕ АТҚАРУШЫ ОРГАНДЫ ТИІМДІ БАСҚАРУ ҚАҒИДАТЫ

А) Директорлар кеңесі қызметінің қағидаттары.

Корпоративтік басқару практикасы Директорлар кеңесінің Банк қызметін стратегиялық басқаруды жүзеге асыруын және оның тарапынан Банктің атқарушы органының қызметін тиімді бақылауды, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелерінің оның жалғыз акционерге есептілігін қамтамасыз етуі тиіс.

Директорлар кеңесінің қызметі жалғыз акционер мүдделерінің барынша сақталуы қағидаты негізінде құрылады және Банктің мемлекеттік инвестициялық саясаттың тиімділігін арттыру жөнінде оның алдында қойылған міндеттерді тиімді орындауына бағытталған.

Директорлар кеңесі Банктің даму стратегиясын анықтайды, сондай-ақ Банктің қызметін тиімді бақылауды қамтамасыз етеді, Банк қызметінің басым бағыттарын, ішкі бақылау рәсімдерін бекітеді.

Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімді жұмыс істеуін, корпоративтік шиеленістерді бақылау мен реттеуді қамтамасыз етеді.

Директорлар кеңесі оның әрбір мүшесін қоса алғанда Банк қызметі туралы ақпаратты ашу және оны ақпараттық жариялау бойынша жауапкершілікте болады және Банктің ішкі (қызметтік) ақпаратын, банктік, коммерциялық құпияларын, сондай-ақ Банктің құпия мәліметтерін қорғау мен сақтауды қамтамасыз етуге міндетті.

Б) Атқарушы орган қызметінің қағидаттары

Корпоративтік басқару практикасы Банктің атқарушы органына Банктің мүдделерінде ақылға қонымды, адал, ерекшелікті Банктің ағымдағы қызметіне тиімді басшылық етуді жүзеге асыру, сондай-ақ атқарушы органның Банктің жалғыз акционеріне және Директорлар кеңесіне есеп беру мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

Банк Президенті Банк қызметіне күнделікті жетекшілік етуді және оның қаржы-шаруашылық жоспарға сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Атқарушы органның қызметі жалғыз акционердің мүдделерін барынша сақтау қағидатының негізіне құрылады және Банктің жалғыз акционерінің және Директорлар кеңесінің шешімдеріне толығымен есеп береді.

3. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ТИІМДІ БАҚЫЛАУ ҚАҒИДАТЫ

Жылдық қаржылық есептілікті тексеру және дұрыстығын растау үшін Банк жыл сайын тиісті лицензиясы бар Банкпен және оның жалғыз акционерімен мүліктік мүдделермен байланысты емес кәсіби аудиторлық ұйымды тартады.

Бұдан басқа, Банктің құрылымында Ішкі аудит қызметі бар, оның негізгі мақсаты Банктің қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру және ішкі бақылау және Банк қызметінің барлық аспектілері бойынша тәуекелдерді басқару жүйелерінің барабарлығы мен тиімділігін бағалау, банктің Директорлар кеңесін Банктің құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің өздеріне жүктелген функциялар мен міндеттерді орындау ахуалы туралы уақтылы және дұрыс ақпаратпен қамтамасыз ету, сондай-ақ Банктің жұмысын жақсарту жөніндегі қолданыстағы және тиімді ұсынымдарды беру болып табылады.

Банктің корпоративтік басқаруында банктік тәуекелдерді басқаруды ұйымдастыру және үйлестіру маңыздылығын ескере отырып, Банк құрылымында тұрақты негізде банктік тәуекелдер деңгейін анықтаудың, өлшеудің (бағалаудың) және оңтайландырудың пайдаланылатын және жаңа әдістерін әзірлеуді тұрақты негізде талдау жүргізуді жүзеге асыратын Қаржы тәуекелдерін бақылау басқармасы жұмыс істейді.

Банктің директорлар кеңесіне бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікті жасау рәсімдерінің дұрыстығын, оның растығын, тәуелсіз аудитордың қызметін және Банкте қолданылатын ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалауды бақылау бойынша жәрдем көрсету мақсатында Директорлар кеңесі бекітетін Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті құрылуы мүмкін.

4.БАНКТИҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШУДЫҢ АЙҚЫНДЫЛЫҒЫ МЕН ОБЪЕКТИВТІЛІГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

А) Банктің ақпараттық саясаты банк туралы ақпаратқа еркін және ауыртпалықсыз қатынау мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

Ақпараттық ашықтық Банкті басқарудың барынша негізділігі мен айқындылығын қамтамасыз етуге танылған.

Жалғыз акционердің немесе ықтимал инвестордың корпоративтік ақпаратты (қызметтік, коммерциялық, банктік құпия, құпия мәліметтер) қорғауға байланысты шектеулерді ескере отырып, тиісті шешім қабылдау үшін қажетті Банк туралы ақпаратқа еркін және ауыртпалықсыз қатынау мүмкіндігі болуы тиіс.

Банк Банктің жалғыз акционерінің мүдделерін қозғайтын Банктің қызметі туралы ақпаратты уақтылы ашады.

Б) Қаржылық есеп пен аудит рәсімдері мен ережесі жалғыз акционердің және инвесторлардың тарапынан Банк қызметіне сенім білдіруді қамтамасыз етуге бағытталған.

Қаржылық есептілікті жүргізу және аудитті өткізу мынадай қағидаттарға құрылады:

- 1) толықтық пен дұрыстық;
- 2) қасақана емес және тәуелсіздік;
- 3) кәсібилік және құзыреттілік;

4) тұрақтылық және тиімділік.

Банк уақтылы және толық көлемде шоғырландырылған қаржылық есептілікті ашады. Банктің жылдық қаржылық есептілігі аудиторлық ұйым тексергеннен кейін жалғыз акционердің шешімімен бекітіледі және баспада жариялауға жатады.

Банк заңнаманың, реттеуші органдардың, бағалы қағаздардың эмитенттеріне қойылатын нормалар мен талаптарға сәйкес Банк, оның ішінде оның қаржылық жағдайы, экономикалық көрсеткіштер, меншік пен басқару құрылымы туралы ақпаратты толық және уақтылы ашуды жүзеге асыруға міндеттенеді, сондай-ақ ақпаратты ашу жөнінде бірқатар қосымша міндеттемелерді өзіне қабылдайды.

Банк жалғыз акционерге, инвесторлар мен өзге мүдделі тұлғаларға Банк туралы, қызметінің негізгі нәтижелері, жоспарлары мен даму перспективалары туралы ақпаратқа еркін және ауыртпалықсыз қатынауды қамтамасыз етуге ұмтылады.

Банк туралы ақпаратты ашу ақпараттық айқындылық, банктің коммерциялық мүдделерін қамтамасыз ету мен банктік құпияны сақтау туралы заңнама талаптарының сақталуы арасындағы пайымды теңгерімді сақтау кезінде жүзеге асырылады. Банкте Коммерциялық және банктік құпияны, туындайтын немесе Банк өз қызметінің процесінде алған ақпаратты коммерциялық құпияға жатқызуға, осы ақпаратқа иелік етуге, сондай-ақ Банктің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесінде ақпараттың құпиялығын қорғауға байланысты туындайтын қатынастарды реттейтін коммерциялық және банктік құпияның, құпия мәліметтердің сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі ереже бекітілді, Коммерциялық және банктік құпияға және құпия мәліметтерге жатқызылатын мәліметтердің тізбесі бекітілді.

Коммерциялық және банктік құпияның сақталуын қамтамасыз ету міндеті банктің барлық қызметтеріне жүктеледі, қызметкерлердің еңбек шарттары мен лауазымдық нұсқаулықтарында қамтылған, сондай-ақ Банктің Директорлар кеңесінің мүшелеріне және Президентіне жүктелген.

Банк мүдделер қайшылығының туындау мүмкіндігін шектеуге және инсайдерлік ақпаратты асыра пайдалануға жол бермеуге ұмтылады.

Банктің басшылығы ұсынылатын қаржылық ақпараттың толықтығы мен дұрыстығына жауап береді.

Директорлар кеңесі ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, бекіту, қолдану және бағалау процестеріне олардың қатынастарына қарай органдар мен тұлғалардың қаржы-шаруашылық қызметін бақылау жүйесіне енетін құзыретті шектейді.

5. ЗАҢДЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЭТИКА ҚАҒИДАТТАРЫ

Банк қатай түрде Қазақстан Республикасының заңнамасына, іс этикасының жалпы қабылданған қағидаттарына (әдет-ғұрыптарына) және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес әрекет етеді. Банктің ішкі құжаттары заңнама

талаптарының және корпоративтік пен іс этикасының нормалары негізінде әзірленеді.

Банктің жалғыз акционері, Директорлар кеңесінің мүшелері және атқарушы органы арасындағы қарым-қатынастар өзара сенім мен сыйластыққа құрылады.

Банкте Банк қызметінің стандарттарын және оның қызметкерлерінің мінез-құлқын анықтайтын Банк қызметкерлерінің іскерлік этика кодексі бекітілді. Кодекс атқарып отырған қызметтеріне қарамай Банктің барлық қызметкерлеріне қолданылатын жалпыға міндетті мінез-құлық ережелерін қамтиды.

Кодекстің ережелерін барлық құрылымдық бөлімшелер Банктің ішкі құжаттарын даярлау, клиенттермен, контрагенттермен, іскерлік әріптестермен, мемлекеттік билік және басқару органдарымен қарым-қатынастарды ресімдеу кезінде ескереді.

6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК ҚАҒИДАТЫ ЖӘНЕ МҮДДЕЛІ ТҰЛҒАЛАРМЕН ӘРІПТЕСТІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДЫ ДАМУ

Банк бизнестің қоғам алдындағы ортақ жауапкершіліктің негізгі қағидаттарын қолдайды және ел мен азаматтардың экономикалық дамуына жәрдемдеседі. Банк жалғыз акционер алдында өз қызметінің нәтижелері үшін, клиенттер алдында - банктік қызметтердің сапасы үшін, іскерлік әріптестер алдында - өз міндеттемелерінің тиісінше орындалуы үшін, қоғам мен мемлекет алдында – жеке тұлғаны, оның құқықтары мен еркіндіктерін құрметтегені үшін, Қазақстан экономикасын дамытуға үлесі үшін өз жауапкершілігін мойындайды.

Банк банктік қызметті, корпоративтік басқаруды, қоғамдық өмірдің өзге салаларын жетілдіруге бағытталған заңнамалық бастамаларды талқылауға белсенді қатысады. Банк және оның өкілдері түрлі қоғамдық ұйымдардың, қауымдастықтар мен өзге коммерциялық емес ұйымдардың қатысушылары болып табылады.

Корпоративтік басқаруды қалыптастыру кезінде мүдделі тұлғалармен тұрақты байланыстарды қолдау мен дамыту маңыздылығын сезіне отырып, Банк клиенттермен, іскерлік әріптестермен, мемлекеттік органдардың өкілдерімен өзара сенім мен құрмет, адалдық, кәсібилік, міндеттемелердің бұзылмауы, қажетті ақпараттық ашылу толықтығы, келіссөздер мен сот талқылауы алдында ымыраға келу қағидаттарында өз қарым-қатынастарын құрады.

7. КОРПОРАТИВТІК ШИЕЛЕНІСТЕРДІ РЕТТЕУ САЯСАТЫ

Директорлар кеңесінің мүшелері және Банктің атқарушы органы Банктің қызметкерлері сияқты мүдделердің қайшылығына жол бермей, Банктің және жалғыз акционердің мүддесінде тиісінше күтіммен және сақтықпен өзінің кәсіби функцияларын адал және пайымды орындайды. Олар өз қызметінің

заңнама талаптары мен осы Кодекстің қағидаттарына ғана емес, этикалық стандарттар мен жалпыға бірдей іс этикасының нормаларына толық сәйкес келуін қамтамасыз етеді.

Корпоративтік қайшылықтар туындаған жағдайда қатысушылар жалғыз акционердің құқықтарының да, Банктің іскерлік атағының тиімді қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында келіссөздер жолымен оларды шешу жолдарын іздейді.

Қайшылықтарды келіссөздер жолымен шешу мүмкін болмаған кезде олар қатаң түрде заңнамаға сәйкес шешілуі тиіс.

2-тарау. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР

Жалғыз акционер Банктің жоғары органы болып табылады.

Жалғыз акционердің құзыреті, оның шешімдерді жүргізуі және қабылдауы Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Банктің Жарғысымен анықталады.

Банктің Директорлар кеңесі және атқарушы органы толық көлемде заңнамамен және Банктің Жарғысымен берілген жалғыз акционердің құқықтарының сақталуын және қорғалуын қамтамасыз етуге міндетті. Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің Жарғысында көзделген мәселелерді қоспағанда, Директорлар кеңесіне шешуге берілмейді.

Банк жалғыз акционерден Банктің тұрақтылығы мен табыстылығын қолдауға бағытталған жауапты іс-әрекеттерді, инсайдерлік ақпаратты пайдаланудан, аффилирленген тұлғалар туралы ақпаратты ашудан бас тартуды, Директорлар кеңесіне және Банктің атқарушы органына жеке мақсаттарға қол жеткізу үшін қысым жасаудан бас тартуды күтеді.

Материалдарды жалғыз акционерді қарауы үшін оларды беру мерзімі оларды зерделеу, қызықтыратын мәселелерді дайындау және жеке ұстанымын әзірлеу үшін жеткілікті болуы тиіс.

Жалғыз акционерге берілетін ақпарат мен материалдар талқыланатын мәселелердің мәні туралы толық түсінік беруді, қызықтыратын сұрақтарға жауаптар алуды және қаралатын мәселелер бойынша негізді шешімдер қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

Ақпараттық материалдар жалғыз акционердің қарауына шығарылатын мәселелерге қатысты жүйелендірілуі тиіс. Барынша қарапайым және ауыртпалықсыз алу немесе осы материалдармен танысу тәртібі белгіленуі тиіс.

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ақпараттан басқа, жалғыз акционерге қажеттілігіне қарай Банк қызметінің жоспарлары, жетістіктері мен проблемалары туралы қосымша мәліметтер беріледі.

Ақпаратты ашу талаптары Банк артық әкімшілік ауыртпалық пен ақталмайтын шығыстар жүктемеуі тиіс.

Банктің қызметіндегі және оны басқарудағы елеулі өзгерістерді қарау және қабылдау процесін жалғыз акционер осы өзгерістерді негіздеу жөніндегі қосымша материалдармен қамтамасыз етеді.

Жалғыз акционердің қарауына басқару органы мүшелерін сайлау туралы мәселелерді шығарған жағдайда Банк Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес осы лауазымдарға кандидаттар туралы барынша толық ақпаратты беруге тиіс.

Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын мәселелер барынша нақты және олардың түрлі талқылануын болдырмауға тиіс. Күн тәртібінде «әр түрлі», «өзге», «басқалар» және осыған ұқсас тұжырымдамаларды қоса алғанда кең түсінік беретін тұжырымдамаларды қолдануға тыйым салынады.

Жалғыз акционердің қаралатын мәселелерге ұсыныстар енгізу құқығы оларды нақты негіздеген кезде жеңіл іске асырылуы тиіс.

3-тарау. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесі Банктің басқару органы болып табылады.

Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Банктің Жарғысымен жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Банктің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

Банктің Директорлар кеңесінің құзыреті, оны сайлау және қызметін ұйымдастыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Банктің Жарғысымен және Банктің жалғыз акционері бекітетін Банктің Директорлар кеңесі туралы ережемен анықталады.

1. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ

Директорлар кеңесі жалғыз акционердің мүдделерін іске асыруды және құқықтарын қорғауды және Банктің мемлекеттік инвестициялық саясаттың тиімділігін арттыру жөніндегі оның алдында қойылған міндеттерді тиімді орындауын қамтамасыз етеді.

Директорлар кеңесі мәселелерді шешу Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Банктің Жарғысымен жалғыз акционердің ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Банк қызметіне жалпы басшылық етуді жүзеге асырады.

Директорлар кеңесі нарықтық ахуалды, Банктің қаржылық жай-күйін және Банктің қаржы-шаруашылық қызметіне әсер ететін басқа факторларды ескере отырып, бекітілген басым бағыттарды ұстануға объективті баға беруді жүргізеді.

Директорлар кеңесінің функцияларына сондай-ақ мыналар жатқызылады:

1) ірі мәміле жасау туралы шешім қабылдау;

- 2) Банктің жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
- 3) ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне сыйақы мөлшерін анықтау және ішкі аудит туралы ережені бекіту;
- 4) атқарушы органға сыйақы мөлшерін бекіту;
- 5) Банк қызметінің стратегиясын бекіту;
- 6) корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттіктерінің мерзімін анықтау, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ лауазымдық жалақысының мөлшерін және корпоративтік хатшының сыйақы шарттарын анықтау;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Банктің Жарғысына және Банктің Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес өзге функциялар.

Директорлар кеңесі Банктің қаржы-шаруашылық қызметін тиімді бақылауды қамтамасыз етеді.

Директорлар кеңесінің құзыретіне Банктің тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі рәсімдерді бекітуі жатады. Бұл ретте осы рәсімдер Директорлар кеңесін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесіндегі елеулі кемшіліктер туралы уақтылы хабардар етуді көздейді.

Директорлар кеңесі Банктің қызметі туралы ақпаратты ашу және тарату жүйесінің тиісінше жұмыс істеуі үшін жауап береді, коммерциялық құпия мен құпия болып табылатын ақпараттың мәнін құрайтын мәліметтерді анықтайды.

Директорлар кеңесі:

- Банк саясатының түрлі аспектілері бойынша жалпы банктік стратегиялары мен құжаттарды бекітуге және мерзімді қайта қарауға жауап беруі;

- Банк өзіне қабылдаған негізгі тәуекелдерді түсінуі, осы тәуекелдердің қолайлы деңгейлерін белгілеуі және Банк басшылығының осындай тәуекелдерді анықтау, өлшеу, қадағалау және бақылауы үшін қажетті шараларды қабылдауын қамтамасыз етуі;

- Банк басшылығының ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бақылауын қамтамасыз етуі тиіс. Директорлар кеңесі ішкі бақылаудың баламалы және қолданыстағы жүйесін құруға және жұмыс істеуіне жауап береді.

Тәуекелдерді басқару жөніндегі рәсімдерді бекіту кезінде Директорлар кеңесіне заңнама нормаларын және Банк Жарғысының ережелерін сақтау кезінде тұтастай алғанда банк үшін тәуекел мен табыстылық арасындағы оңтайлы теңгерімге қол жеткізуге, сондай-ақ Банктің атқарушы органының, оның құрылымдық бөлімшелерінің және жекелеген қызметкерлердің қызметі үшін баламалы ұмтылыстарды әзірлеуге ұмтылуы қажет.

Директорлар кеңесі жалғыз акционердің құқықтарын іске асыруды және қорғауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ корпоративтік шиеленістерді шешуге жәрдемдеседі.

Директорлар кеңесіне Банктің жалғыз акционері және органдары мен лауазымды тұлғалары арасында туындайтын корпоративтік шиеленістердің алдын алу және реттеу үшін барлық қажетті шараларды қабылдау ұсынылады.

Директорлар кеңесі Банктің атқарушы органының, оның ішінде оның қызметін бақылауды жүзеге асыру арқылы тиімді қызметін қамтамасыз етеді.

Директорлар кеңесінің нақты өкілеттіктері мен функциялары жалғыз акционер бекітетін Директорлар кеңесі туралы ережеде анықталады.

2. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің Жарғысында анықталған тәртіппен жүзеге асырылады.

Банктің директорлар кеңесі қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісімсіз жалғыз акционер сайлайтын Директорлар кеңесінің төрағасын қоса алғанда 7 (жеті) мүшеден тұрады.

Банктің Директорлар кеңесінің екі мүшесін Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұсынымы бойынша жалғыз акционер сайлайды.

Банктің Директорлар кеңесінің мүшелері санының кемінде үштен бірі тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, шектеусіз рет қайта сайлануы мүмкін.

Жеке тұлға ғана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

Неғұрлым маңызды мәселелерді қарау және ұсынымдарды дайындау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесінің комитеттері құрылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімдері бар сарапшылардан тұрады.

Атқарушы органның басшысы Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

Директорлар кеңесінің комитеттерін қалыптастыру және жұмыс тәртібін, сондай-ақ олардың сандық құрамын Директорлар кеңесі бекітетін Банктің ішкі құжатымен белгіленеді.

3. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

Директорлар кеңесінің мүшелері Банктің мүддесінде өздеріне жүктелген міндеттерді адал және пайымды атқаруы тиіс.

Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттері егер Банктің мүдделері мен Директорлар кеңесі мүшесінің жеке мүдделері арасында шиеленіс болса, тиімді орындала алмайды. Мүдделер шиеленісінің туындауына, атап айтқанда, Директорлар кеңесінің мүшесі тікелей немесе жанама мүдделі мәмілелер

жасасуға әкеп соқтыруы мүмкін. Сондықтан Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың мүдделері мен Банктің мүдделері арасында шиеленіс тудыруға әкеп соқтыратын немесе әкеп соқтыруға ықтимал қабілетті әрекеттерден қалыс қалуға, ал осындай шиеленіс болған немесе туындаған жағдайда – ол туралы Директорлар кеңесіне ақпарат ашу және Директорлар кеңесі мүшесінің мүдделігі бар әрекеттерді жасау немесе мәмілелерді жасау тәртібін сақтауға шаралар қабылдауға ұсыным беріледі.

Бұдан басқа, Директорлар кеңесінің мүшесіне олар бойынша шешімдер қабылдауда оның жеке мүдделігі бар мәселелер бойынша дауыс беруден қалыс қалуға ұсыным беріледі. Бұл ретте Директорлар кеңесінің мүшесі осындай мүдделілік фактісін де, оның туындау негіздерін де Корпоративтік хатшы арқылы Директорлар кеңесіне тез арада ашуы тиіс.

Директорлар кеңесінің мүшелері өз міндеттерін жүзеге асыру кезінде басқа тұлғалардың – Банк қызметкерлерінің, контрагенттерінің, мемлекеттің мүдделерін ескеруі тиіс.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің отырыстарында белсенді қатысуға ұсыным беріледі.

Директорлар кеңесінің мүшесі Банктің қызметі туралы құпия ақпаратты, инсайдерлік ақпаратты және банктік құпияны құрайтын мәліметтерді жария етпеуі және жеке мүддесінде немесе үшінші тұлғалардың мүддесінде пайдаланбауы тиіс.

4. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Директорлар кеңесінің қызметі пайымдылық, тиімділік, белсенділік, адалдық, әділдік, жауапкершілік және тиянақтылық қағидаттарына негізделеді.

Директорлар кеңесінің отырыстары ұтымдылық, тиімділік пен тұрақтылық қағидатына сүйене отырып жүргізіледі.

Директорлар кеңесін төраға басқарады, ол Директорлар кеңесінің өз міндеттерін табысты шешуін қамтамасыз етуге танылған. Директорлар кеңесінің төрағасы етіп басшы лауазымдарды елеулі тәжірибесі бар, әділ, принципшіл, қандай-да бір күдігі жоқ Банктің мүдделеріне айнымастық және жалғыз акционердің сөзсіз сеніміне ие тұлғаны тағайындау ұсынылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің қызметін тиімді ұйымдастыруды және оның банктің өзге органдарымен өзара іс-әрекет жасауын қамтамасыз етуі тиіс.

Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің мүшелеріне талқыланыатын мәселелер бойынша өз көзқарасын білдіру, жалғыз акционердің мүддесінде Директорлар кеңесі мүшелерінің келісілген шешімді іздеуіне ықпал ету мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс. Бұл ретте ол принципшілдік танытуы және Банктің мүддесінде әрекет етуі тиіс.

Директорлар кеңесінің төрағасына өзге органдармен және Банктің лауазымды тұлғаларымен тұрақты байланыстар ұстау ұсынылады. Мұндай байланыстардың мақсаты Директорлар кеңесінің шешімдер қабылдау үшін

қажетті барынша толық және дұрыс уақтылы алу ғана емес, осы органдар мен лауазымды тұлғалардың өз арасында және үшінші тұлғалармен тиімді іс-әрекет жасауын қамтамасыз ету болуы тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысын шақыру және оны өткізуге дайындалу тәртібі Директорлар кеңесінің мүшелеріне тиісінше оны өткізуге дайындалу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

Директорлар кеңесінің мүшелерін Директорлар кеңесінің отырысын шақыру, осы отырысты өткізу нысаны және күн тәртібі туралы хабардар етуді Директорлар кеңесі туралы ережеде белгіленген мерзімде жүзеге асыру қажет.

Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы хабарламамен қатар бір уақытта Директорлар кеңесінің мүшелеріне қажетті материалдар жіберіледі.

4-тарау. АТҚАРУШЫ ОРГАН

1.АТҚАРУШЫ ОРГАН ЖҰМЫСЫНЫҢ ҚАҒИДАТТАРЫ

Әділдік, адалдық, пайымдылық, сақтық атқарушы орган іс-әрекетінің негізгі қағидаттары болып табылады.

Атқарушы орган Банктің ағымдағы қызметіне жетекшілік етуді жүзеге асырады және өзгеретін экономикалық ахуалды ескере отырып Банк қызметінің мәселелерін жедел түрде шешеді.

Атқарушы орган Банктің даму мүмкіндігін қамтамасыз ететіндей Банктің қызметіне жетекшілік етуді жүзеге асырады.

Атқарушы орган Директорлар кеңесі бекіткен Банктің стратегиясы мен саясатын іске асыруға, банктік тәуекелдерді анықтауға, өлшеуге, қадағалау мен бақылауға танылған процестерді дамытуға жауап береді.

Атқарушы орган жалғыз акционер, Банктің клиенттері мен қоғам алдындағы өз жауапкершілігін сезінеді және банктің тұрақты ұзақ мерзімді дамуы мен табыстылығын қамтамасыз ететін Банктің ағымдағы қызметіне жетекшілік ету жөніндегі міндеттерді адал және құзыретті орындауды өзінің басты мақсаты деп есептейді. Банк Президенті жоғары іскерлік атаққа ие болуы тиіс.

Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін атқарушы орган ең алдымен Банктің мақсаттарын, стратегиясы мен саясатын іске асыру жөніндегі міндеттерді шешеді, сондай-ақ Директорлар кеңесінің және жалғыз акционердің шешімдерін адал, уақтылы және тиімді орындайды.

Атқарушы орган қызметінің негізгі бағыты заңнама, оның ішінде еңбек заңнамасының және еңбекті қорғау туралы заңнама, техника қауіпсіздігі ережелерінің талаптарын сақтауды қамтамасыз ету болып табылады.

Банктің атқарушы органының қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Банктің Жарғысымен регламенттеледі.

Атқарушы органға оның мүдделері мен Банктің мүдделері арасында шиеленіс тудыруға әкеп соқтыратын әрекеттерден қалыс қалуға, ал осындай

шиеленіс туындаған жағдайда ол бұл туралы Банктің Корпоративтік хатшысы арқылы Директорлар кеңесін тез арада хабардар етуі тиіс.

Атқарушы орган Банк туралы құпия ақпаратты ашпауы немесе жеке пайда мүддесінде және үшінші тұлғалардың мүддесінде пайдаланбауы тиіс.

2. АТҚАРУШЫ ОРГАНДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Банк президенті атқарушы орган функцияларын жеке өзі жүзеге асыратын тұлға болып табылады.

Банк Президентін қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісімсіз жалғыз акционер қызметке тағайындайды және қызметтен босатады. Банктің Президенті лауазымы бойынша Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады.

5-тарау. КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ/ХАТШЫЛЫҚ

Банк органдарының және лауазымды тұлғаларының жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған рәсімдерді қатаң түрде сақтауы, сондай-ақ Банктің Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелері мен нормаларын, Жарғының ережелерін және Банктің өзге ішкі құжаттарын ұстануы Банктің Корпоративтік хатшы/хатшылық институтын енгізумен қамтамасыз етіледі.

Корпоративтік хатшы – Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылмайтын Банктің қызметкері, оны Банктің директорлар кеңесі тағайындайды және Банктің Директорлар кеңесіне есеп береді, сондай-ақ өз қызметінің шеңберінде жалғыз акционердің және Банктің директорлар кеңесі отырыстарын дайындауды және өткізуді бақылайды, жалғыз акционердің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша материалдарды және Банктің Директорлар кеңесінің отырысына материалдар қалыптастыруды қамтамасыз етеді, оларға қатынауды қамтамасыз етуді бақылайды.

Банктің Корпоративтік хатшысының/хатшылығының мәртебесі, функциялары, лауазымдық құқықтары мен міндеттері және оның Банктің құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-әрекет етуі Банктің Директорлар кеңесі бекітетін Банктің ішкі нормативтік құжатымен анықталады.

6-тарау. ЕЛЕУЛІ КОРПОРАТИВТІК ОҚИҒАЛАР

Елеулі корпоративтік оқиғалар – Банк қызметінде іргелі өзгерістерге әкелуі мүмкін бірқатар оқиғалар. Елеулі корпоративтік оқиғалардың мәнділігі оларды іске асыру кезінде ашықтық және сенім ортасын құру, оларды жүзеге асырудың қарапайым және айқын рәсімін белгілеу қажеттілігін айқындайды.

Елеулі корпоративтік оқиғаларға бірінші кезекте Банкті қайта ұйымдастыру, ірі мәмілелер жасасу, жарғылық капиталды ұлғайту, Банктің

Жарғысына өзгерістер енгізу сияқты іс-әрекеттерді және шешілуі Банк үшін қағидатты бірқатар басқа мәселелерді жатқызған жөн.

Ірі мәмілелердің белгілері заңнамамен белгіленеді. Сонымен қатар заңнамада мәмілелер жасасудың өзге жағдайларына ірі мәмілелер жасасу тәртібі Банк жарғысымен анықталуы мүмкін деп көзделген. Банктің Жарғысына ірі мәмілелерді жасасу тәртібін Банк үшін елеулі мәні бар өзге мәмілелерге қолдану туралы ережелерді енгізу туралы шешім қабылдау кезінде оның атқарушы органы тарапынан Банктің күнделікті қызметін тиімді басқару мен Директорлар кеңесі және жалғыз акционер тарапынан атқарушы органның қызметін тиімді қадағалау расында пайымды теңгерім қамтамасыз ету қажет.

Банкті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің Жарғысында анықталған тәртіппен жүзеге асырылуы тиіс.

Елеулі корпоративтік оқиғалар барынша ашықтылықпен және айқындылықпен сүйемелденуі және Қазақстан Республикасы заңнамасының және Банк Жарғысының талаптарына сәйкес келуі тиіс.

7-тарау. АҚПАРАТТЫ АШУ

Ақпаратты ашу Банктің қолайлы беделін құруды қамтамасыз етуге танылған, ол капиталды тартуға, сенімді қолдауға және қаржы көрсеткіштерінің өсуіне ықпал етуі тиіс.

Ақпаратты ашу жүйесі Банк және Банктің корпоративтік (ішкі) ақпаратын толық қорғау туралы ақпараттық барынша қол жетімділігі қағидаттарын қанағаттандыруы тиіс.

1. АҚПАРАТТЫ АШУ

Банктің ақпараттық ашықтығы банк туралы жария ақпаратқа еркін және ауыртпалықсыз қатынау мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

Банк жалғыз акционерге және өзге мүдделі тұлғаларға Банк туралы дұрыс және объективті ақпарат беру маңыздылығын мойындайды.

Банк туралы ақпаратты ашудың негізгі қағидаттары оны беру жеделдігі, осындай ақпараттың жалғыз акционерге және өзге мүдделі тұлғаларға қол жетімділігі, оның мазмұнының дұрыстығы мен толықтығы, Банктің ашықтығы мен оның коммерциялық мүдделерінің сақталуы арасында пайымды теңгерімнің сақталуы болып табылады.

Ақпаратты тарату арналары негізінен мүдделі тұлғалардың ашылатын ақпаратқа еркін және пайымды шығындармен қатынауын қамтамасыз ететіндей таңдалады.

Банк бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін тарта отырып Банк қызметінің мәселелері бойынша түрлі баспасөз-конференцияларын өткізеді,

сондай-ақ интернетті қос алғанда бұқаралық ақпарат құралдарында ақпараттық материалдар мен жарияланымдарды орналастырады.

Жалғыз акционер үшін де, Банктің клиенттері үшін де Банктің қызметі туралы қаржы ақпараты анағұрлым маңызды болып табылады. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде жылдық қаржылық есептілікті жариялайды.

Банк туралы ақпаратты ашу Банктің ашықтығы мен банктік және коммерциялық құпия қағидаттарымен заңды түрде бекітілген оның коммерциялық мүдделерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету арасындағы пайымды теңгерімді сақтаумен сипатталады.

2. ІШКІ АҚПАРАТТЫ ҚОРҒАУ

Ақпараттың қол жетімділігімен қатар Банк корпоративтік (ішкі) ақпаратты сақтау мен қорғауды қамтамасыз етеді.

Коммерциялық немесе қызметтік құпияны құрайтын ақпараттың тізбесін, осындай ақпаратқа қатынау шарттарын, сондай-ақ оны пайдалану мүмкіндігін Банктің ашықтығы мен оның мүдделеріне залал келтірмеуге ұмтылу арасында пайымды теңгерімді сақтау қажеттілігін ескере отырып Банк анықтайды.

Банктің Директорлар кеңесі құпия ақпаратты құрайтын ақпараттардың тізбесін бекітеді.

Корпоративтік ақпараттың (қызметтік, коммерциялық, банктік құпия) сақталуы туралы ойлай отырып, Банк өзіне құпия ақпаратты ашпау туралы міндеттеме алады. Құпия ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету міндеті жалғыз акционерге, Банктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне жүктеледі.

Банкте қызметтік және ішкі ақпараттың пайдаланылуын бақылаудың тиімді жүйесі әзірленген және қолданылады, атап айтқанда Банкте қызметкерлердің еңбек қызметін жүзеге асыру уақытында құпия деп танылған ішкі (қызметтік) ақпаратты ашпауы туралы міндеттемелерге қол қоюы көзделеді, сондай-ақ олардың Банкте еңбек қызметін тоқтатқаннан кейін көрсетілген ақпаратты жарияламауы бойынша мерзім белгіленеді.

8-тарау. БАНКТИҢ ҚЫЗМЕТІН БАҚЫЛАУ

1. БАНКТИҢ ҚЫЗМЕТІН БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ

Банктің қызметін бақылау жүйесінің жұмысы Директорлар кеңесі нақты реттеген негізге құрылады.

Банк қызметін бақылау жүйесі Банкке және оны басқару органдарына инвесторлардың сенімін қамтамасыз етуге бағытталған. Банктің капитал салымдарын және активтерін қорғау осындай бақылаудың негізгі мақсаты болып табылады.

Осы мақсатқа мынадай міндеттерді шешу жолымен қол жеткізуге болады:

(1) қаржы-шаруашылық жоспарды қабылдау және оның орындалуын қамтамасыз ету;

(2) ішкі бақылаудың тиімді рәсімдерін белгілеу және олардың сақталуын қамтамасыз ету, олар қызметкерлердің міндеттерін нақты бөлуді (әрбір қызметкердің жауапкершілігі саласында мүдделердің қайшылығына жол бермеу үшін) және сенімді ақпараттық жүйелердің болуын қамтиды;

(3) Банкте басқарудың тиімді және айқын жүйесін қамтамасыз ету, оның ішінде Банктің атқарушы органының және лауазымды тұлғаларының тарапынан теріс пайдаланушылықтардың алдын алу және жолын кесу;

(4) қаржы және операциялық тәуекелдердің алдын алу, анықтау және шектеу;

(5) Банк пайдаланатын немесе ашатын қаржылық ақпараттың дұрыстығын қамтамасыз ету.

Банктің қаржы-шаруашылық қызметін бақылаудың бірде-бір жүйесі көзделмейтін шығындарға әкелетін оқиғалардың алдын алуға кепілдік бере алмайды. Сонымен бірге, Банкте тиімді ішкі бақылау жүйесін құру мұндай шығындардың болуын азайтады. Осыған байланысты Банк Банктің қаржы-шаруашылық қызметін ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуі тиіс. Банктің қаржы-шаруашылық қызметін ішкі бақылауды ішкі аудит қызметі жүзеге асырады.

қаржылық есептілікті жасаудың дұрыстығы мен объективтілігі туралы тәуелсіз пікірді алу мақсатында Банк Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес сыртқы аудит жүргізеді.

Банкте ішкі бақылау жүйесі мынадай мақсаттарды жүзеге асыру үшін жүзеге асырылады.

1) Банк қызметінің операциялық және қаржылық тиімділігі, ол Банк активтерін басқарудың және шығындардың болуын анықтаудың тиімділігі мен рентабельділігін тексеруді ұйғарады;

2) қаржылық және басқару ақпаратының сенімділігі, толықтығы мен уақтылығы. Осы мақсат Банк шешімдер қабылдау кезінде пайдаланатын дұрыс және сапалы қаржылық есептіліктің және басқа қаржы құжаттарының жасалуын тексеруді ұйғарады;

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау, ол Банктің заңнаманы, оның ішінде қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ Банктің ішкі саясатын және рәсімдерін анықтайтын құжаттардың талаптарын сақтауын тексеруді ұйғарады.

Директорлар кеңесі және Банктің басшылығы ішкі бақылаудың баламалы жүйесінің болуын қамтамасыз етеді және Банк қызметкерлерінің ішкі бақылау саласында өз міндеттерін орындауы үшін жағдайлар жасайды.

Ішкі бақылау қаржы және операциялық тәуекелдерді, сондай-ақ лауазымды тұлғалардың тарапынан мүмкін теріс пайдаланушылықтарды жедел түрде анықтауға, алдын алуға және шектеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар

тиісінше ұйымдастырылған ішкі бақылау Банктің шығыстарын қысқартады және оның ресурстарын тиімді басқаруға ықпал етеді.

Банк Банкте ішкі бақылау жүйесін жетілдіру жөніндегі жұмысты жалғастыратын болады. Бақылау заңнама, Банктің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес келтіруді қамтамасыз етуге, қаржы және операциялық тәуекелдердің алдын алуға, анықтауға және шектеуге, қаржы ақпараттарының дұрыстығын қамтамасыз етуге бағытталатын болады.

2. ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

Ішкі бақылау жүйесінің сәйкестігін тексеру үшін Банкте Банктің тәуелсіз құрылымдық бөлімшесі – ішкі аудит қызметі құрылды, ол тікелей Банктің Директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында өзінің жұмысы туралы есеп береді.

Банктің қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру және Банк қызметінің бүкіл аспектілері бойынша ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару жүйелерінің барабарлығы мен тиімділігін бағалау, Банктің Директорлар кеңесін банктің құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің өздеріне жүктелген функциялар мен міндеттерді орындау ахуалы туралы уақтылы және дұрыс ақпаратпен қамтамасыз ету, сондай-ақ Банктің жұмысын жақсарту жөніндегі қолданыстағы және тиімді ұсынымдарды беру ішкі аудит мақсаты болып табылады.

Банктің ішкі аудит қызметінің тексерулер жүргізу тәртібі Банк қызметін бақылаудың тиімді тетігін қамтамасыз етеді.

Тексеру жүргізу рәсімдерін реттеу мақсатында Директорлар кеңесі Ішкі аудит қызметінің аудиторлық рәсімдерді жүргізу ережесін, Ішкі аудит қызметінің жұмыстар жоспарын бекітеді.

3. СЫРТҚЫ АУДИТ

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық тексеруінің мақсаты Банктің қаржылық есептілігін, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін тексеру және Банктің қаржылық есептілікті жасауының, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің дұрыстығы мен объективтілігі туралы тәуелсіз пікірді алу болып табылады.

Банк бухгалтерлік есептіліктің дұрыстығын, тәуекелдерді басқару және қаржылық бақылаудың маңызы құралдарының бірі ретінде ішкі бақылау жүйелерін аудиторлық тексеруді қарастырады. Жылдық қаржылық есептіліктің дұрыстығын тексеру мен растау, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін бағалау үшін Жарғының ережелеріне сәйкес бәсекелесті іріктеу негізінде кәсіби аудиторлық ұйымды (сыртқы аудиторды) тартады. Банк танылған беделі және банктерді аудиторлық тексеру жүргізуде елеулі тәжірибесі бар жоғары кәсіби аудиторлық

ұйымды тартуды қамтамасыз ететіндей іріктеу шарттарын қалыптастыратын болады.

Аудиторлық ұйымды (сыртқы аудиторды) қажет болған кезде аудиторлық қорытындыларды қарауға жалғыз акционер шақыруы мүмкін және жалғыз акционер қойған кез келген сұрақтарға жауап беруі тиіс.

9-тарау. БАНКТИҢ КЛИЕНТТЕРІМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР

Банктің қызметінің ерекшелігі оны жүзеге асыруда жалғыз акционердің Банк менеджментіне сенімі ғана емес, сондай-ақ клиенттердің, инвесторлар мен әріптес банктердің сенімі де үлкен рөл ойнайтындығына негізделген. Осыған байланысты, Банк клиенттерімен тұрақты, сенімді өзара қарым-қатынастарды қолдау қажеттілігін есепке алу Банктің корпоративтік мінез-құлық қағидаттарын қалыптастыру кезінде маңызды сәт болып табылады.

Банк адал және пайымды мүмкіндігінше мұқияттылықпен клиенттерге қатысты өзіне алған міндеттемелерді орындайды және ұсынылатын қызметтердің жоғары сапасын қамтамасыз етуге ұмтылады, клиентпен құрметпен, адал және ашық жұмыс істейді.

Өзінің қызметінде Банк өзінің қаржы жағдайы, Банктің қызметі туралы дұрыс емес және бұрмаланған ақпаратты беру мүмкіндігін жоққа шығарады.

Банк өз клиенттерінің операциялары бойынша ақпараттың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қорғау жөнінде барлық күшін салады. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және көлемде ғана осындай ақпаратты ашу мүмкін.

Банк ұсынылатын қызметтердің сапасын жақсартумен тұрақты жұмыс істейді және туындайтын шиеленістер мен қиындықтарды қарастырады.

10-тарау. ЗАҢСЫЗ ЖОЛМЕН АЛЫНҒАН КІРІСТЕРДІ ЗАҢДАСТЫРУҒА (ЖЫЛЫСТАТУҒА) ЖӘНЕ ТЕРРОРИЗМДІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУҒА ҚАРСЫ ІС-ӘРЕКЕТ ЖАСАУ

Банктің ішкі бақылау жүйесі заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың) және терроризмді қаржыландырудың алдын алу рәсімдерін қамтиды, осыған байланысты, Банк өз қызметінде мынадай:

- қаржы операцияларын және басқа мәмілелерді жасау жолымен көрінеу заңсыз жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңды айналымға тартуға, сондай-ақ көрсетілген қаражатты немесе өзге мүлікті кәсіпкерлік немесе өзге экономикалық қызметті жүзеге асыру үшін пайдалануға;

- террористік қызметті жүзеге асыру үшін террористерді және (немесе) террористік ұйымдарды ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен қамтамасыз етуге қарсы іс-әрекет жасау қағидатын ұстанады.

11-тарау. КОРПОРАТИВТІК ШИЕЛЕНІСТЕР

Осы тарау корпоративтік шиеленістердің – егер мұндай шиеленіс Банктің мүдделерін қозғайтын болса, Банктің органдары мен оның жалғыз акционерінің арасындағы шиеленістердің алдын алу және реттеу мәселелерін реттейді.

Банкте корпоративтік шиеленістердің алдын алу және реттеу тең шамада жалғыз акционердің құқықтарын сақтау мен қорғауды қамтамасыз етуге және Банктің мүліктік мүдделерін және іскерлік беделін қорғауға мүмкіндік береді.

Корпоративтік шиеленістердің алдын алуға және реттеуге Банктің заңнаманы нақты және сөзсіз орындауы, сондай-ақ жалғыз акционермен қарым-қатынастарда оның адал және пайымды әрекет етуі ықпал етеді.

Корпоративтік шиеленістерді сотқа дейін реттеу туралы төменде көрсетілген ережелер құқықтары бұзылған адамдардың сот органдарына жүгінуіне кедергі болмайды.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Корпоративтік шиеленістердің алдын алу және реттеу жөніндегі жұмыстардың тиімділігі егер олар банкте туындаса немесе туындауы мүмкін болса, осындай шиеленістерді барынша толық және жылдам анықтауды және Банктің барлық органдарының іс-әрекеттерін нақты үйлестіруді ұйғарады.

Директорлар кеңесінің мүшелері және Банктің Президенті қызметкерлер сияқты Банктің және оның жалғыз акционерінің мүддесінде, мүдделердің шиеленісіне жол бермей тиісінше ойлаумен және сақтықпен өздерінің кәсіби функцияларын адал және пайымды орындайды. Олардың заңнама талаптарына ғана емес, этикалық стандарттар мен іс этикасының жалпыға бірдей нормаларына толық сәйкес әрекет еткені қажет.

Банктің корпоративтік шиеленістердің алдын алу және реттеу жөніндегі жұмысының тиімділігі олардың тез қаралуына байланысты. Сондықтан Банкке барынша қысқа мерзімде шиеленістің мәні бойынша өз ұстанымын анықтауға, тиісті шешімдер қабылдауға және оны жалғыз акционердің назарына жеткізу ұсынылады.

Корпоративтік шиеленісте Банктің ұстанымы заңнама ережелеріне негізделуі тиіс.

Жалғыз акционердің өтінішіне Банктің жауабы толық және ахуалды, ал бас тарту туралы хабарлама жалғыз акционердің өтінішін немесе талабын қанағаттандыруы – дәлелді және заңнама ережелеріне негізделген болуы тиіс.

Банктің жалғыз акционердің талабын қанағаттандыруға келісімі жалғыз акционердің заңнамада, Банктің Жарғысында немесе өзге ішкі құжаттарында көзделген қандай-да бір іс-әрекеттерді жасау қажеттілігімен ұштасуы мүмкін. Осы жағдайда Банктің жалғыз акционерге жауабында осындай жағдайларды

толық көрсетуге, сондай-ақ оларды орындау үшін қажетті ақпаратты хабарлауға ұсыным беріледі.

Жалғыз акционер мен Банк арасында олардың міндеттемелерінің мәні бойынша дау болмаған, бірақ оларды орындаудың тәртібі, тәсілі, мерзімі және өзге шарттары туралы келіспеушіліктер туындаған жағдайда Банкке жалғыз акционерге туындаған келіспеушіліктерді реттеуге және Банк жалғыз акционердің талабын қанағаттандыруға дайын шарттарды айтуға ұсыным беру ұсынылады.

2. БАНК ОРГАНДАРЫНЫҢ КОРПОРАТИВТІК ШИЕЛЕНІСТІ ҚАРАУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

Корпоративтік шиеленістер туындаған жағдайда қатысушылар жалғыз акционердің құқықтарын да, Банктің іскерлік беделін тиімді қорғауды қамтамасыз ету мақсатында келіссөздер жолымен оларды шешу жолдарын іздестіреді.

Корпоративтік шиеленістерді келіссөздер жолымен шешу мүмкін болмаған кезде олар қатаң түрде заңнамаға сәйкес шешіледі.

Президент Банктің атынан олар бойынша шешімдер қабылдау Банктің өзге органдарының құзыретіне жатқызылмаған мәселелер бойынша корпоративтік шиеленістерді реттеуді жүзеге асыруы, сондай-ақ корпоративтік шиеленістерді реттеу жөніндегі жұмысты жүргізу тәртібін дербес анықтауы тиіс.

Банктің Директорлар кеңесі оның құзыретіне жатқызылатын мәселелер бойынша корпоративтік шиеленістерді, оның ішінде Банктің Президентіне қатысы бар мәселелерді (мысалы, шиеленіс мәні Президенттің әрекеті (әрекетсіздігі) немесе оның актілер қабылдауы болып табылған жағдайда) реттеуді жүзеге асырады.

Корпоративтік шиеленісті реттеу процесінде Банк органдарының негізгі міндеті заңды және негізді бола отырып, Банктің мүдделеріне жауап беретін шешімді іздестіру болып табылады.

Корпоративтік шиеленісті бағалаудың объективтілігін қамтамасыз ету және оны тиімді реттеу үшін жағдайлар жасау мақсатында мүдделерін шиеленіс қозғайтын немесе қозғауы мүмкін тұлғалар осы шиеленіс бойынша шешімдер қабылдауда қатыспауы тиіс.

Егер шиеленіс өзінің дамуының қандай-да бір сатысында Банктің атқарушы органының мүддесін қозғаса немесе қозғауы мүмкін болса, онда оны реттеуді Банктің Директорлар кеңесіне берген жөн. Мүдделерін шиеленіс қозғайтын немесе қозғауы мүмкін Директорлар кеңесінің мүшелері осы шиеленісті шешу жөнінде жұмысқа қатыспауы тиіс.

Өзінің өкілеттіктеріне байланысты Банкте шиеленістерді шешуге қатысуға міндетті тұлға шиеленіс оның мүдделерін қозғайтындығын немесе қозғауы мүмкін екендігін бұл туралы белгілі болғанда, дереу хабарлауы тиіс.

Берілген өкілеттіктерге байланысты Банктің корпоративтік хатшысы/хатшылығы корпоративтік шиеленістерді шешуде Директорлар кеңесіне жәрдем көрсетеді.

12-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ

Осы Корпоративтік басқару кодексі Банктің жалғыз акционері бекіткен сәттен бастап қолданысқа енгізіледі.

Банк жалғыз акционердің және Банк клиенттерінің мүдделеріне басшылық ете отырып, оның салалық ерекшелігін ескере отырып, осы Кодекске корпоративтік практикамен қайта қалыптастырылған корпоративтік басқару стандарттарын енгізе отырып, Кодексті жетілдіретін болады.